

**А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
құрамындағы 8D091 «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыты
(6D120100 - «Ветеринарлық медицина» және 6D120200 – «Ветеринарлық
санитария» мамандықтары) бойынша диссертациялық кеңестің 2021 ж.
атқарған жұмысы туралы**

ЕСЕП

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті құрамындағы 8D091 «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 23.01.2020 жылғы № 25 бұйрығы және А. Байтұрсынов атындағы ҚРҰ Басқарма төрағасы-ректорының 20.02.2020ж. №52 НҚ бұйрығына сәйкес құрылды.

Диссертациялық кеңестің төрағасы профессор Р.М. Рышанова, төраға орынбасары қауымдастырылған профессор М.Ж. Аубакиров, ғалым хатшы қауымдастырылған профессор А.Т. Елеусизова тағайындалған.

Диссертациялық кеңеске мынадай мамандықтар бойынша диссертацияларды қорғауға қабылдауға рұқсат етілген:

6D120100 – «Ветеринарлық медицина»;

6D120200 – «Ветеринарлық санитария».

1. Өткізілген мәжілістер саны туралы мәліметтер

Есеп беріліп отырған жылы 3 мәжіліс өткізілді.

№1 Мәжіліс (07.06.2021) – ҚР БЖҒМ 2021 жылдың 31 наурызындағы №126 бұйрығымен бекітілген диссертациялық кеңес туралы Типтік ережеге өзгерістер енгізу жөніндегі (одан әрі – Типтік ереже) 09.03.2021 ж. № 98 бұйрығымен танысу.

Диссертациялық кеңестің 50% мүшелерін тұрақты мүшелермен сайлау, соның ішінде төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы болып табылады.

Диссертациялық кеңес құрамының 50% (елу) диссертациялық кеңес мүшелері уақытша докторанттың қорғау рәсімін кезеңіне докторлық жұмыс тақырыбына байланысты тағайындалады.

№2 Мәжіліс (08.11.2021) – докторант З.Б. Абилованың PhD дәрежесін қорғауға арналған диссертациялық жұмыс қабылдау бойынша өтінішін қарастыру.

№3 Мәжіліс (10.12.2021) – докторант З.Б. Абилова 6D120100 – «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауы.

2. Мәжілістің жартысынан кем жұмысына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері - жоқ.

3. Білім алатын ұйым келтірілген докторанттар тізімі

Т.Ә.Ж.	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	ЖОО (білім алатын жері)
Абилова Зулкыя Бахытбековна	6D120100 – Ветеринарлық медицина	«Фармакотерапевтическое обоснование применения анальгетических препаратов у сельскохозяйственных животных»/ «Ауыл шаруашылық жануарларында анальгетикалық препараттарды қолданудың фармакотерапиялық негіздемесі»	Рыщанова Р.М. – А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің қауымдастырылған профессор, ветеринария ғылымдарының кандидаты. Зоя Микниене – PhD, Литва денсаулық ғылымдары университетінің оқытушысы (Каунас қ., Литва).	«А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ

Жұмыс жоспарына сәйкес 2021 жылы диссертациялық кеңеске 1 докторант өзінің құжаттары мен диссертациялық жұмысын ұсынды.

4. Есеп беру жылында диссертациялық кеңесте қарастырылған диссертациялар жөніндегі қысқаша талдау

4.1 Диссертациялық жұмыстың тақырыбына жасалатын талдау

PhD докторы дәрежесін иелену үшін орындалған диссертация ветеринария саласындағы қолданбалы зерттеулер түрінде жүргізілген.

Абилова Зулкыя Бахытбековнаның «Фармакотерапевтическое обоснование применения анальгетических препаратов у сельскохозяйственных животных» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ветеринарияның өзекті мәселелеріне және Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді.

Жұмыс ауылшаруашылық жануарларындағы ауырсыну көздерін, жануарларға қолданылатын ауырсыну процедураларын және анальгетиктердің жай-күйін зерттеу саласындағы зерттеулерге арналған. Хирургиялық араласу кезінде жануарлардағы ауырсынуды басу жағдайын бағалау жүргізілді. Жылқы мен ешкі ағзасындағы натрий метамизолының фармакокинетикалық параметрлері зерттелді. Жергілікті өткізгіш анестезияның әзірленген хаттамасының емдік тиімділігі бұқашықтарды хирургиялық кастрациялау кезінде инфильтрациялық анестезиямен бірге негізделген. Стационар жағдайында айғырларды хирургиялық кастрациялау кезінде жалпы аралас анестезия хаттамасын қолданудың барабарлығы дәлелденді.

4.2 Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясымен қалыптастырып, ұсынған ғылым дамуына қатысты "Ғылым туралы" Заңының 18-бабы 3-тармағына сәйкес бағыттармен және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларымен байланысты.

З.Б. Абилованың «Фармакотерапевтическое обоснование применения анальгетических препаратов у сельскохозяйственных животных», атты тақырыптағы диссертациясы 2015-2017 жж. арналған 217 «Ғылым дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Жануарлардың әртүрлі түрлеріндегі ауырсынудың нақты және ықтимал көздерін зерттеу және анальгетикалық препараттарды қолдану стратегиясын жасау» және «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» 102 бағдарламасы (жобаның тіркеу нөмірі №0115РК01586) аясында орындалды.

4.3 Диссертация нәтижелерін өндіріске енгізу деңгейін талдау

З.Б. Абилованың зерттеу нәтижелері оларды ғылыми қызметте қолданған кезде, әртүрлі шығу тегі бар жануарлардың ауырсыну синдромдарын анальгетикалық препараттармен практикалық тоқтату үшін маңызды. Зерттеу нәтижелері жануарлардың ауырсынуын жеңілдету үшін анальгетикалық препараттарды қолдануды кеңейтеді.

Пиза университетінің Ветеринарлық мектебінің химиялық фармакология зертханасында (Пиза қ., Италия) ғалымдар зерттеу нәтижелерін анальгетикалық препараттардың фармакокинетикалық қасиеттерін зерттеу кезінде одан әрі ғылыми зерттеулер үшін пайдаланады.

Бұқашықтарды хирургиялық кастрациялау кезінде жергілікті анестезияның әзірленген хаттамасы Қостанай облысы шаруашылықтарының ветеринариялық практикасына енгізілді.

Айғырларды кастрациялау кезіндегі аралас анестезия хаттамасы енгізілді және Литва денсаулық сақтау ғылымдары университетінің (Каунас, Литва) ірі жануарлардың ветеринарлық клиникасының тәжірибесінде қолданылады.

Анестезия хаттамаларын жануарлардың әртүрлі хирургиялық және терапиялық манипуляцияларында тәжірибелі ветеринарлар қолдана алады.

Зерттеу нәтижелері А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің ветеринария мамандықтарының студенттеріне жедел хирургия және ветеринариялық фармакологияның тиісті бөлімдері бойынша дәріс оқу және зертханалық-практикалық сабақтар өткізу кезінде оқу процесіне енгізілді.

Зерттеу нәтижелері негізінде «Хирургиялық кастрация кезінде ауыл шаруашылығы жануарларын анестезиялау әдістері» тәжірибелік ұсыныстары әзірленді және шығарылды (ISBN 978-601-356-074-8).

5. Ресми пікір берушілер жұмыстарын талдау

Ветеринария ғылымдары бойынша диссертациялық кеңестің отырысында қорғалатын диссертациялық жұмыс бойынша пікір берушілер қарастырылып, бекітілді.

З.Б. Абилованың диссертациялық жұмысы бойынша ресми пікір берушілер ретінде ветеринария ғылымдарының докторы, Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «» кафедрасының профессоры Н.А. Заманбеков;

Фармакология саласында медицина ғылымдарының кандидаты, Нұр-Сұлтан қаласындағы Ұлттық биотехнология орталығы токсикология және фармакология зертханасының меңгерушісі З.Т. Шульгау тағайындалды.

Пікір берушілер ретінде жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың ғылыми жобалармен жұмыс жасайтын, халықаралық ғылыми басылымдарға жарияланымдар жасайтын, сәйкесімді мамандықтар бойынша ғылыми атақтары, дәрежелері бар жетекші ғалымдар тағайындалды.

Пікір берушілердің пікірлері оларды дайындауға, толтыруға қатысты қойылатын талаптарға сәйкес рәсімделінді. Жалпы алғанда пікір берушілер ұсынылған диссертацияларға мұқият талдаулар жасады, ал жұмыстары қойылатын талаптарға сай болды.

6. Ғылыми мамандарды дайындау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

1. Рейтингілік журналдардағы жарияланымдар бойынша ғылыми зерттеулерді орындау үшін 1 жыл не 1,5 жыл мүмкіндігі болу үшін докторантурада оқу мерзімін 3 жылдан 4-4, 5 жылға дейін ұлғайту.

7. Мамандықтар арасында философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор атағына іздену бойынша қарастырылған диссертациялар туралы мәліметтер

	Мамандығы	
	6D120100 – Ветеринарлық медицина	6D120200 – Ветеринарлық санитария
Қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	1	-
Қарастырудан бас тартылған диссертациялар (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	-	-
Пікір берушілер тарапынан теріс пікір алынған диссертациялар (оның ішінде, өзге оқыту	-	-

ұйымдарынан қабылданғаны)		
Қорғау нәтижелері бойынша оң шешім қабылданғаны	1	-
Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім қабылданғаны (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	1	-
Оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны	-	-

Диссертациялық кеңес төрағасы



Р. Рышанова

Диссертациялық кеңес ғалым хатшысы



А. Елеусизова

Күні

Қойылған	
Қосымша куәландырамын	
Сәлеметсіздерме	
Подпись	Р. Рышанова
заверено	А. Елеусизова
Ученый секретарь	М. Касимова